

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі докторантты М.Е. Нургалиеваның дайындаған «Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациясына

ПКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бұғаңға тәуелсіз Қазақстан мәртебесінде студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру мәселелерінің көкейкестілігі өткір. Жылдан жылға педагогтардың функционалды сауаттылығын арттыру мәселесі қарастырылғанымен, білім алушылардың өзігінен интеллектуалды әлеуетін өркендететін амалдарды игеруі жеткіліксіз екені өмір тәжірибесінен байқалып жүр. Бәрімізге белгілі «Педагог мәртебесі» туралы Заңы 2019 жылдың қаңтар айында жоба ретінде талқыланып қабылданды.

Аталып отырған көкейкесті мәселені шешуде диссертант «Кіріспе» бөлімінде тақырыпқа орайлас әдіснамалық негізді құрайтын зерттеушілердің еңбектері талданған.

Әдіснамалық негізден қарама-қайшылықты саралап, зерттелмеген тұстарын айқындалап ашқан. Қарама-қайшылық дұрыс құрылғаннан кейін зерттеу мақсаты, объектісі, пәні, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық және әдіснамалық негізі және т.б. айқындалған.

Жоғары атақта лайықты болу үшін М.Е. Нургалиеваның алған тақырыбы «Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» бұғаңға білім мен ғылым саласындағы кредитті технология талабында қарастырылған силлабустік жүйемен ұсынылған. Студенттердің өздік жұмыстарының дәріс сабактарынан басымдық мәнде жүргізілуінің өзі әрбір студенттің интериоризациялық пайымының күннен-күнге дамуына мүмкіндік туғызатынына қолайлы жағдай туғызатының диссертант өзінің жұмысында зерделеген.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу еңбегінде тақырыпты айқындау мақсатына жету барысында бірқатар ғылыми нәтижелерді атап өтуге болады:

бірінші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыруды оқу үдерісінде қамтамасыз ететін студенттердің өздік жұмысының мәні мен мазмұны теориялық тұрғыда негізделді;

екінші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінің мақсаты мен құрылымы сараланды;

үшінші ғылыми нәтиже – студенттердің өздік жұмыстарын нәтижеге бағдарлаудың педагогикалық шарттары құрылды;

төртінші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру моделі әзірленді;

бесінші ғылыми нәтиже – жоғары мектептің қазіргі білім беру үдерісінде студенттердің өздік жұмысын өркендету факторлары анықталды;

алтынші ғылыми нәтиже – студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты өркендетудің әдістемесі жасалынып, оның тиімділігі эксперименттен өткізілді.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің жоғары оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың білім мазмұнының құрылу мәнін, ондағы орналасатын нысаналардың танымдық маңызы нақты деректемелермен дәлелденді.

Екінші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің студенттердің өздік жұмыстардың интеллектуалды әлеуетін арттыру амалдарын, әдістемесін жан-жақты зерделенген «Интеллект», «интеллектуалды әлеует» түсініктерінің анықтамалар нақтыланды.

Үшінші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің педагогикалық шарттары (СӨЖ-дың ресурстармен қамтамасыз ету; логикалық ойлау тапсырмаларды студенттердің танымдық қызығушылықтары мен ізденімпаздық қабілеттеріне, логикалық ойлау қажетсінулеріне қарай топтап іріктеу; студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ізденушілік-логикалық жұмыстарының пәндік нақты мақсаттарға бағытталып, құндылық бағыттарының болуы) толық ашылған.

Төртінші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылығы ізденуші «модель» ұғымына анықтама беріп, модельдің атқарар қызметіне қарай маңыздылығын зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында ой қорытып, өздігінен тың пікірлер келтірген. Зерттеуші өздік жұмысты ұйымдастырудың теориялық моделі түрінде ғылыми-негізделген және сынақтан өткізілген зерттеу материалдары оны жүзеге асыру механизмі ретінде кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесінің дамуына үлес қосқан.

Бесінші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылығы ізденуші студенттердің өздік жұмысының өркендету факторларын жүзеге асырып студенттердің жеке жұмысын жаңа, жоғары деңгейге шығарған.

Алтынші ғылыми нәтижесінің негізділігі мен шынайылығы тәжірибелік эксперименттік жұмыстың қорытындыларын өңдеу үшін математикалық статистика әдістерін пайдаланумен, оның нәтижелерімен зерттеу болжамын растаумен қамтамасыз етілген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Диссертанттың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары қазақстандық ғылым мен тәжірибе үшін маңызды және жаңалықтың жеткілікті дәрежесіне ие.

Бірінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге талдау жасай отырып, студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыруды оку үдерісінде қамтамасыз ететін студенттердің өздік жұмысының мәні мен мазмұнын теориясы негізделген.

Екінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінің мақсаты мен құрылымы сараланған.

Үшінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, жоғары оку орындарында студенттердің өздік жұмыстарын нәтижеге бағдарлаудың қажеттілігі ғылыми тұрғыда анықталып, тұтас педагогикалық үдеріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттары құрылған.

Төртінші ғылыми нәтижесе жаңа, өйткені, студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру моделі (мақсатты, ақпараттық-мазмұндық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, бақылау-бағалау компоненттері) бірінші рет әзірленген.

Бесінші ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, жоғары мектептің қазіргі білім беру үдерісінде студенттердің өздік жұмысын өркендешу факторлары анықталған.

Алтыншы ғылыми нәтижесе жаңа, себебі, студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмыстарды ұйымдастыру бойынша тәжірибелік-эксперименталды жұмыстың нәтижелерін талдау эксперименталды топ студенттерінде зерттелетін сапаны дамытудың динамикасын көрсеткен.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Рецензияланатын диссертациялық зерттеу тұтас ғылыми жұмыс болып табылады. Алынған ғылыми нәтижелер ішкі бірлік пен логикалық өзара байланысымен сипатталады. Қорытындылар мен тұжырымдар қойылған міндеттер мен нақты материалдардан қысынды түрде туындейды, ғылыми нәтижелерді көрсетеді және педагогикалық ғылым мен практиканы дамытуға белгілі бір үлес қосады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Ғылыми-зерттеу жұмысының тиімді нәтижелері ғылыми айналымдағы педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешуде маңызды. Өйткені, ғылыми жұмыста заман талабына сәйкес студенттердің өздік жұмысты ұйымдастыру мүмкіндіктері, демек тиімді жолдары айтылған. Зерттеуші жоғары мектептегі білім беруді өркендешу көп жағдайда студенттердің өздік жұмысының қарқындылығымен және нәтижелігімен, әдістемелік қолдау деңгейімен және оқытушылар тарапынан бақылау жасауы мен оқыту үдерісіне жеке-бағытталған технологияларды енгізумен анықтаған.

Нургалиева Муршида Елубаевнаның диссертациясының ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, логикалық жүйелікпен сипатталған. Жүзеге асырылған тәжірибелі-эксперименталды жұмыстың мақсаты жоғары оку

орнының оқу-тәрбие үдерісінде өндөлген теориялық моделінің тиімділігін тексертті.

Диссертацияда күрылған модель алгоритмдер теориясын, операциялық жүйелер теориясын және математикалық аппаратты дұрыс қолдануға негізделеді. Барлық тұжырымдар дереккөздерге сілтемелермен расталған. Эксперимент нәтижелері берілген теорияға сәйкес келеді. Бұл алынған нәтижелерді жеткілікті негізді және сенімді деп есептеуге негіз береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары мен нәтижелері диссиденттың 16 еңбегінде көрініс алып жарық көрген. Олар: Scopus компаниясының деректер базасына кіретін ғылыми журналында, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда, отандық және шет елдік халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, ғылыми журналдарда жарияланған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Ізденушінің ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. Зерттеу жұмысында кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерін ескергенде жұмыстың әдістемелік құндылығы артар еді.
 2. Кредиттік технологияда қолданылатын өнімді әдістердің мәні толықтай ашылмаған.
 3. Студенттердің өздік жұмысты ұйымдастыруды оның өлшемдері мен көрсеткіштерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста пайдаланудың қадамдары айқын көрініс табуы жөн еді.
 4. Диссертацияда стилистикалық, техникалық қателіктер кездеседі.
- Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер алынған нәтижелердің құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссидент Нургалиева Муршида Елубаевнаның «Студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбына жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның

авторы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесіне лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

**педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент (қауымдастырылған
профессор) Павлодар мемлекеттік
педагогикалық университетінің
«Психология» кафедрасының профессоры**

Б.Г.Сарсенбаева

19.11.2019 ж.

